**"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының бюджетпен өзара есептесуі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 шілде N 915

Жылу-энергетикалық кешен жұмыстарын тұрақтандыру және бюджеттік мекемелердің тұтынылған электр және жылу энергиялары үшін пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының 450,0 (төрт жүз елу) млн. теңге сомасындағы тіркелген ( ренталық) төлемі мен "Қазкоммунэнерго" республикалық өндірістік бірлестігі кәсіпорындарының жалпы сомасы 80,0 (сексен) млн.теңге, оның ішінде қосылған құн салығы бойынша 8081 (сегіз миллион сексен бір мың) теңге сомасындағы және экономиканы қайта құру қорының 13141 мың (он үш миллион жүз қырық бір мың) теңге сомасындағы, заңды тұлғалардан алған 58778 мың (елу сегіз миллион жеті жүз жетпіс сегіз мың) теңге сомасындағы табыс салығы бойынша республикалық бюджет алдындағы берешектеріне қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес есептеме жүргізсін (1-қосымша).

Аталған сомаларды республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелерді қаржыландыру есебіне олардың алынған электр және жылу энергиясы үшін Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі жүйелерінің электр энергиясымен жабдықтаушы мекемелері алдындағы берешектерін өтеуге есептесін (2-қосымша).

2. "Екібастұзкөмір" акционерлік қоғамының келісілген кесте мен

бағалар бойынша республикалық бюджетке есептелетін төлемдер есебіне "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесінің электр станцияларына көмір беруі туралы Қазақстан Республикасы Энергетикға және көмір өнеркәсібі министрлігінің ұсынысы келісілсін.

3. Берешектерді есептеу 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы "18" шілдедегі
N 915 қаулысына
1-қосымша

"Қазкоммунэнерго" республикалық өндірістік
бірлестігі кәсіпорындарының бюджетке
төленетін төлемдер бойынша берешектерінің
ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

| Кәсіпорындар мен ұйымдар атауы | Бюджет төлемдерінің сомасы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | оның ішінде | | |
| | | ҚҚС | ФПЭ | Заңды тұлғалардан алынған табыс салығы |
| "Жылуэнергия" акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы | 8547 | 2547 | | 6000 |
| Қазандық және жылу жүйеле. рінің дирекциясы, Шучинск қаласы | 3883 | | 3883 | |
| "Жылу" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы | 274 | | 274 | |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Павлодар қаласы | 4339 | | 4339 | |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Қарағанды қаласы | 9664 | 3664 | | 6000 |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Қызылорда қаласы | 4317 | | | 4317 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Петропавл қаласы | 661 | | 661 | |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Жамбыл қаласы | 17551 | 811 | | 16740 |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Талдықорған қаласы | 2834 | 2834 | | |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Қостанай қаласы | 5870 | 1870 | | 4000 |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Орал қаласы | 6030 | 163 | | 5867 |
| "Облжылукоммунэнерго" өндірістік бірлестігі, Өскемен қаласы | 3193 | | 3193 | |
| Құрылыс материалдары комбинаты, Өскемен қаласы | 12837 | 837 | | 12000 |
| Барлығы | 80000 | 8081 | 13141 | 58778 |

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы

18 шілдедегі
N 915 қаулысына
2-қосымша

Жылу және электр энергиялары үшін берешектерін есептеу
жүзеге асырылатын республикалық бюджеттік мекемелердің
ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

| | Барлығы | оның ішінде: "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ | оның ішінде: "Қазкоммунэнерго" РОБ |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті | 18203 | 18203 | |
| Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің әскери институты | 4000 | 4000 | |
| Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлері бас басқармасы | 30000 | 30000 | |
| Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің түзету жүйелері бас басқармасы | 23507 | 23507 | |
| Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі | 204618 | 177618 | 27000 |
| Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті | 1100 | 1100 | |

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік шекарасын
қорғау жөніндегі
мемлекеттік комитет        13000        13000

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігі                5420        4420        1000

Қазақстан Республикасының
Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясы                15310        12144        3166

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі                75912        72602        3310

Қазақстан Республикасының
Гидрометеорология жөніндегі
бас басқармасы                5000        4408        592

Қазақстан Республикасының
Орман шаруашылығы комитеті   8000        7464        536

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары жөніндегі
комитеті                200        200

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі 9167        9167

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі           33007        17566        15441

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және сауда
министрлігі Мырғалымсай
кен орнының "Водоотлив"

| | | | |
|---|---|---|---|
| кешені | 46500 | 46500 | |
| "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы | 15430 | 4475 | 10955 |
| Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығы | 3626 | 3626 | |
| Қазақстан Республикасының Білім министрлігі | 18000 | | 18000 |
| Барлығы | 530000 | 450000 | 80000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК